

**8D01101 – «Педагогика және психология» - мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 АХМЕТОВА ЭЛЬМИРА КАЛДЫБЕКОВНАНЫҢ
 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық
 ынтымақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
 СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысына сәйкес елімізде «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының иедяларымен сәйкес келеді. Атаулы жоба жедел шешімдерді талап ететін және халықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламамен сабақтастықты сақтай отырып, 2021-2025 жылдар аралығында нақты және ең маңызды міндеттерді шешуге негізделген. Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі білімнің сапасы мен қолжетімділігін және заманауи білім берудің стандарттарына сай болуын көздейді.</p> <p>Сонымен қатар, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы қыркүйектің 1-ші жұлдызындағы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» - атты халыққа Жолдауында Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс екенін ерекше атап өткен еді.</p> <p>Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының заңнамалары мен мемлекеттік бағдарламаларына негізделеді. Қазақстанда білім мен ғылым саласының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» сапалы инклюзивті білім беруді жетілдірудің жолдары құрылған. Бағдарлама мазмұны бойынша МШБ-ды</p>

			<p>оқытудың тиімділігін арттыру жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, диссертацияда ҚР «баланың құқықтары туралы» заңы, ҚР «Мүгедектерді әлеуметтік әлеуметтік қорғау» туралы заңдарға сүйенген. Диссертациялық жұмыс мазмұны аталмыш бағдарлама міндеттерін шешуге өзіндік үлес қосады.</p> <p>Жоғарыда келтірілген білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» атты зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі тереңдете түседі. Осыған байланысты Э.К. Ахметованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді деуге болады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Өйткені, елімізде инклюзивті білім берудің технологиялары мен бірыңғай пайдалануға ұсынылған әдістемелері әлі де болса жетілдіру мен насихаттауды қажет етеді. Осы тұста, зерттеуші шетел және Отандық ғалымдар зерттеулерін жүйелі талдай отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын орнатудың тиімді жолдарын ұсынады. Бұл өз кезегінде жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті оқыту жүйесін жетілдіру мен мамандар қызметін оңтайландыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, мектептің отбасыларымен педагогикалық ынтымақтастығын орнату ата-аналардың функционалдық сауаттылығын жетілдіруде және мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің сапасын арттыруда маңызды болмақ.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі идеялары мен ұсыныстары диссертанттың жариялаған жалпы саны 12 мақаласында баяндалған. Атап айтқанда, «Scopus» базасына енгізілген</p>

			басылымда-1, ҚР ҒжЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда-3, РФ жоғары аттестаттау комиссиясы бекіткен басылымда-1, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында (оның 2-еуі шетелдік)- 5, Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында-2 мақала жарияланған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу принципі жоғары. Диссертант зерттеу барысында өз көзқарасы мен пікірін білдіре отырып, зерттеушілік әдістерді ұтымды пайдаланған және зерттеу жұмысының этикалық нормаларын сақтай білген. Зерттеу жұмысы дербес орындалып, аяқталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Диссертация тақырыбының таңдап алынуы бүгінгі мектептердегі білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай инклюзивті оқыту технологиясындағы қиыншылықтар мен мүмкіндіктер салыстырмалы талдана отырып, оның қоғамдық сұранысы түрлі аспектідегі зерттеулер негізінде дәлелденген. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының қажеттілігі мен оны іске асырудың механизмдерін жасау және зерттеуге дейінгі тәжірибелерді зерделеу диссертантқа зерттеу жұмысын логикалық тұрғыдан дұрыс құрастыру мен мазмұнды ұтымды баяндауға мүмкіндік берген. Әрбір бөлім ақпараттық мазмұндылығымен және практикалық құндылығымен ерекшеленген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ұсынылған диссертацияның мазмұны диссертацияның тақырыбын толықтай айқындайды. Бір-бірімен логикалық бірізділікте қойылған негізгі үш тарау және оның бөлімдері зерттеу барысын жеткілікті дәрежеде аша түседі. Зерттеу мәселесі бойынша Отандық, алыс және жақын шетелдік ғылыми - зерттеу жұмыстарына және әдебиеттерге талдау жасалып, инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының ғылыми-теориялық

		<p>негіздері айқындалған.</p> <p>«Мектеп – отбасы» ынтымақтастығы жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық - функционалдық моделі» әзірленіп, инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының бүгінгі жағдайы анықталған. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының әдістемесі мен модельінің тиімділігі тәжірибелік – эксперименттік сынақтан өткізіліп, нақтылы ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижелері кестелермен, диаграммалармен және сандық-сапалық көрсеткіштермен талданып, зерттеудің шынайы жүргізілгенін дәлелдейді.</p>	
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сай айқындалған. Әрбір міндет мақсатқа жету жолындағы қадамдар рөлін көрсетіп, логикалық тұрғыдан бірізді орналасқан.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Әрбір тараулар мен бөлімдер бір-бірімен бірізді жалғасын тауып, ішкі бірліктері логикалық тұрғыдан сабақтасып баяндалған. Зерттеу жұмысын жүргізу мен баяндау тәсілдері де өзара бірлікте құрастырылған. Ішкі мәтіндер тақырыпты толықтай ашады. Диссертанттың тілі жатық, ойы анық жеткізілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жаңа шешімдер мен сыни талдаулар бар. Зерттеуші бұрын зерттелген диссертациялар мен ұсынылған тұжырымдарды өз көзқарасы тұрғысында талдай отырып, оған бүгінгі күннің сұранысымен баға береді. Зерттеулерді жүйелеп, топтап, сыни тұрғыдан талдайды, өз зерттеуіне негіз болатын идеяларды басшылыққа алатынын түсіндіре кетеді. Сонымен қатар, зерттеулерге талдау барысында идея ортақтығы</p>

		<p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>болғанымен балалардың жас немесе мүмкіндігі аясындағы кереғар құбылыстарға да өзіндік түсінік бере кетіп, өзіндік тұжырымын жасайды.</p> <p>Диссертант тарапынан жасалған әрбір ғылыми шолу мен талданған еңбектер түйінделіп, тараулар соңында зерттеуші өз пікірімен зерттеу нәтижесімен тұжырым жасап отырған.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер мен қағидаттарды жартылай жаңа деп айтуға болады (25-75% жаңа болып табылады). Бүгінге дейін диссертациялық жұмыста талданып, жүйеленгендей алыс және жақын шетел ғалымдары тарапынан зерттеліп, «инклюзивті білім беру» ұғымы мәні мен құрылымы жағынан зерттеліп, ғылыми қолданысқа түскені белгілі. Әйтсе де, осы мақсатта мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын жүйелеп, нақтылы ұсыныстар бергені зерттеушінің жеке үлесі деуге болады.</p> <p>- «инклюзивті білім беру» ұғымын нақтылауы және «инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығы» ұғымына авторлық анықтама беруі арқылы автор мәселені бүгінгі күннің сұранысына сәйкестендіріп, мазмұнды анықтауға мүмкіндік алады;</p> <p>- эмпирикалық деректерді талдау және инклюзивті білім беруді дамытудағы мектеп пен отбасы ынтымақтастығының педагогикалық әлеуетін анықтауға негіз болған мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының әдіснамалық тұғырлары да бұрыннан қолданылып жүрген тұғырлар негізінде, әйтсе де, өзіндік мақсатта негізделді;</p> <p>- «мектеп – отбасы» ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің психологиялық – педагогикалық шарттары мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді боларлық әдістеме мазмұны арқылы ұсынылып, қолданылуы жаңа нәтижелерге алып келген. Сонымен қатар, бұл үрдіс ата-аналардың</p>

		<p>функционалдық сауаттылығы мен мектеп педагогтарының инклюзивті білім берудегі кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік берген;</p> <p>- «мектеп – отбасы» ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуі, зерттелетін үдеріс компоненттерінің өзара байланысын тұтас бейнелейтіндіктен бұл модельді пайдалану оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға септігін тигізген;</p> <p>- мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының жай-күйі мен динамикасын зерттеудің диагностикалық құралдары (психологиялық-педагогикалық диагностиканың өлшемдері, деңгейлері, әдістері мен әдістемелері) аталмыш тақырып аясында алғаш анықталған;</p> <p>- инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік жүйесінің тиімділігі тәжірибелік - эксперименттік сынақтан өткізіліп, дәлелденуі осы бағыттағы оқу-тәрбие жұмысының сапасын жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді.</p>	<p>функционалдық сауаттылығы мен мектеп педагогтарының инклюзивті білім берудегі кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік берген;</p> <p>- «мектеп – отбасы» ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуі, зерттелетін үдеріс компоненттерінің өзара байланысын тұтас бейнелейтіндіктен бұл модельді пайдалану оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға септігін тигізген;</p> <p>- мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының жай-күйі мен динамикасын зерттеудің диагностикалық құралдары (психологиялық-педагогикалық диагностиканың өлшемдері, деңгейлері, әдістері мен әдістемелері) аталмыш тақырып аясында алғаш анықталған;</p> <p>- инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік жүйесінің тиімділігі тәжірибелік - эксперименттік сынақтан өткізіліп, дәлелденуі осы бағыттағы оқу-тәрбие жұмысының сапасын жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жан-жақты талдауға және өз бетінше зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Әрбір алынған нәтиже тақырып аясында жүргізілген зерттеулер мен зерттеу мақсатына сай өзіндік ерекшелік мазмұнға ие. Осы тұрғыдан алып қарағанда зерттеу нәтижелерін жаңа деп тануға болады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының эксперименттік бөлімі бойынша алынған нәтижелер эмпирикалық зерттеу әдістері негізінде жинақталып, тұжырымдалған. Зерттеу нәтижелерінің шынайылығын дәлелдеу мақсатында зерттеуші сандық және сапалық әдістерді ұтымды пайдалана білген. Көптеген ғылымда</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>пайдалануы орныққан авторлар әдістемелерін пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерін дәл, нақты, логикалық сабақтастықта көрсете білген. Оларды формулалармен, диаграммалар арқылы дәлелдеу механизмдерін дұрыс орналастырған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі, олардың ғылыми дұрыстығы зерттеуде негізге алынған ғылыми ақпараттарға жасалған салыстырмалы талдаулар мен статистикалық мәліметтерге сүйенген. Сонымен қатар, автор зерттеу мәселесіне байланысты ұтымды болатын әдістерді таңдай алған және оларды ұтымды пайдалана отырып, зерттеу нәтижелерінің шынайылығын растаған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша зерттеуші жеті қағиданы қорғауға ұсынады:</p> <p>1. «Инклюзивті білім беру» ұғымын нақтылап, «инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығы» ұғымына авторлық анықтама берген. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын орнатудың жаңа жүйесін ұсынған:</p> <p>2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру үдерісін жетілдірудің әдіснамалық тұғырларын негіздеген. Инклюзивті білім беруде <i>гуманистік тұғыр, бағдарлылық тұғыр, синергетикалық тұғыр, тұлғалық-әрекеттік тұғыр, жүйелік тұғыр, құндылықтық тұғырлардың</i> бағытын көрсете отырып, балаларға, оның ішінде ең алдымен МШБ-ға бағытталған барлық принциптер, әдістер мен тәсілдердің сәтті жүзеге асуын қамтамасыз ететін жұмыс жүйесін дәлелдеген.</p> <p>3. <i>Мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық шарттары:</i></p> <p>- инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы</p>

	2) жоқ	<p>ынтымақтастығының мақсатты және жүйелі сипатта болуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - мұғалімнің инклюзивті білім беруде «мектеп – отбасы» ынтымақтастық бағытындағы кәсіби-педагогикалық күзіреттіліктерін дамыту. - мектеп – отбасы ынтымақтастығын құруда отбасы ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау. - ата-аналардың инклюзивті білім беру мәселесіндегі функционалды сауаттылығын қалыптастыру. - ата-аналардың инклюзивті білім беруге оң қатынасы мен саналы қолдауын қамтамасыз ету. - мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін серіктестік пен одақтастық қатынасында жүзеге асыру. - мектеп пен отбасы МШБ-дың дамуындағы өзгерістерді бірлесіп бақылау және бағалау деп көрсетілген шарттары автордың жариялаған ғылыми мақалалары мазмұнында дәлелденген. <p>4. Мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. Модель <i>танымдық-мазмұндық, мотивациялық, ұйымдастырушылық - іс-әрекеттік және нәтижелік-бағалаушы</i> компоненттерінен тұрады.</p> <p>Модель жоғары нәтижелі инклюзивті білім беруді қамтамасыз ететін, оны педагогикалық қолдайтын «мектеп – отбасы» ынтымақтастық жүйесін құруға мүмкіндік береді.</p> <p>5. Мектеп педагогтары мен ата-аналардың өзара іс-қимылын жандандырудың, ата-аналардың функционалды сауаттылығын және отбасы әлеуетін, сондай-ақ инклюзивті білім беру аспектісінде мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін дамытудың жүйелі әдістемелік шешімдері мен құралдарын көрсететін мектеп пен отбасының инклюзивті білім берудегі педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік жүйесі ұсынылған. Оның тиімділігін автор эксперименттік тексеру</p>
--	--------	---

			<p>нәтижесімен дәлелдеген.</p> <p>6. Инклюзивті білім беруді дамытуда мектеп педагогтары мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылдың педагогикалық әлеуеті айтарлықтай жоғары және оны тиімді пайдалану мақсатты және жүйелі іс-қимылдарды талап етеді.</p> <p>7. Инклюзивтік оқытудағы мектеп пен отбасының ынтымақтастығы мектеп мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас бағытындағы кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін, сондай-ақ ата-аналардың инклюзивті білім беру жүйесіндегі сауаттылығын, қолдауын, қызығушылығын және белсенді қатысуының қажеттілігін зерттеу нәтижелері арқылы дәлелдеп, ғылыми мақалаларында ұсыныстар берген. Зерттеу нәтижелері тривиалды емес, жаңа, қолдану аясы кең.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	<p>Диссертацияның әдіснамалық негізі жақсы айқындалған. Таңдалған әдіснамалық тұғырлардың әрқайсысы зерттеуде өзіндік функцияны атқарады және зерттеу жұмысын дұрыс ұйымдастыру мен жүзеге септігін тигізеді. Зерттеудің ғылыми аппараты, зерттеу мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер мен зерттеу кезеңдері жұмыста жақсы баяндалған. Зерттеуде пайдаланылған әдістердің қолданылуы жақсы негізделген.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>Нақты айтатын болсақ, жеке сауалнамалар алу арқылы зерттеу мәселесінің күй жайын диагностикалау, арнайы әдістемелер қолдану арқылы жекелеген тұлғалық сапаларды айқындау, зерттеу нәтижелерін өңдеуде сандық және сапалық әдістерді қолдану, оның тиімділігі мен көрнекілігін қамтамасыз етуде диаграммалар мен кестелерді пайдалану, компьютерлік</p>

			бағдарламаны пайдалана отырып статистикалық мәліметтерге салыстырмалы талдау жасау зерттеу жұмысының құндылығын арттыра түскен.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық зерттеу жұмысы мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивтік білім берудің теориясы мен тұжырымдамаларын терең талдауға негізделген. Сонымен қатар, осы уақытқа дейінгі зерттеулер нәтижелерін ары қарай жалғастыру мен жетілдіру мақсатында мектеп пен отбасы ынтымақтастығын орнатудың тиімді жолдарын іздестіру теориялық және эмпирикалық әдістер арқылы өз шешімін тапқан. Зерттеу нәтижелері бойынша берілген ғылыми ұсыныстардың дәйектілігі эксперимент жұмысының көрсеткіштерімен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәліметтер зерттеу барысында қолданылған 272 әдебиетке сілтеме жасалумен расталған. Оның ішінде алыс және шетел ғалымдарының, ТМД елдері мен Отандық ғалымдар зерттеулері қамтылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Әдебиеттер соңғы жаңалықтар мен зерттеулерден дерек беретін әлемдік рейтингті журналдардан, монографиялар мен диссертациялардағы ақпарат көздері болып табылады. Зерттеу деректеріне салыстырмалы талдау жасау, диссертацияның мазмұндық жағынан толыққанды ақпаратпен қамтылуын растайды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Диссертациялық зерттеу барысында айқындалған түсінік-ұғымдар мен жасалған

		<p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>тұжырымдарды бүгінгі күнгі мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп мұғалімдері үшін теориялық білімін жетілдіру құралы ретінде пайдалану олардың кәсіби күзіреттілігін арттырады. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында болашақ маман даярлау мақсатында оқытылатын пәндер мазмұнын жетілтіру мен толықтыруда теориялық ақпараттардың құндылығы жоғары болмақ.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: Диссертациялық зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарында, мектептің тәжірибесінде және ата-аналардың функционалдық сауаттылығын көтеру жұмыстарында пайдалану тиімді болмақ.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Ол ұсыныстарды мектеп пен отбасы ынтымақтастығы негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде барлық мектептер тәжірибесіне енгізу тиімді болмақ.</p>
<p>10.</p>	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми терминологияларды қолдануы, ойды нақты және түсінікті баяндауы, ой сабақтастығы мен логикалық бірізділігін қамтамасыз етуі болашақ ғалымға сай көрініс тапқан. Ғылыми зерттеу логикасына сай зерттеу барысын ретімен орналастырып, баяндауы мен тілдік сауаттылығы ғылыми жұмыстың құндылығын аша түскен. Теориялық талдау мен баяндау жұмыстарының нәтижелерін әртүрлі дизайндық</p>

			<p>және графикалық әдістермен көрсетуі де ізденушінің кәсіби қырын көрсетеді. Жұмыс мазмұны тақырып мақсатын толықтай ашып, ғылыми еңбектің сапалы орындалғанынан дерек береді. Жұмысты баяндауда бір бөлімнен екінші бөлімге өту қағидасы жақсы сақталған.</p>
--	--	--	---

Шешім: 8D01101 – «Педагогика және психология» - мамандығы бойынша Ахметова Эльмира Қалдыбековнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
«Педагогика» кафедрасының профессоры



Атемова Қ.Т.

